Тапсырыс беруші: Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Ұлы Дала Елі Орталығы» МКҚК

Ұйымдастырушы: 150240013345 "Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі

611010000, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Жаңа қала шағын ауданы, 32/20

Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Ұлы Дала Елі Орталығы» МКҚК үшін "Ақпараттық жүйелерді контентті толтыру және модераторлау қызметтері 15498502-1 мемлекеттік сатып алу бойынша ШАҒЫМ

IDea Trade ЖШС бойынша:

2025 жылғы 17 қазандағы №15498502-ОК1 қорытынды хаттамаға сәйкес, «IDea Trade» ЖШС-нің өтінімі конкурсқа қатысудан шеттетілген. Хаттамада көрсетілген уәж төмендегідей:

“Еңбек ресурстары бөлігінде НУРМАГАМБЕТОВ А.А, ҚАПАНОВ Ф.Р, САГИНДЫКОВА С. А, ДӘРМЕН Қ.М, НУРГАЛИЕВ Т.Ж, МАЛЫБАЕВ Е.Ш, ОРУНБЕКОВ М.Б жеке куәліктері қоса тіркелмеген; веб-портал арқылы автоматты түрде қабылданбады.»

IDea Trade ЖШС аталған мемлекеттік сатып алу конкурсының қорытынды хаттамасына байланысты келесідей позициясын мәлімдейді:

2024 жылғы 9 қазандағы №687 Үкімет қаулысымен бекітілген Мемлекеттік сатып алу қағидаларының №12 қосымшасына сәйкес, конкурстық құжаттамадағы «Еңбек ресурстары» кестесінде:

«Қызметкердің тегі, аты-жөні (бар болған жағдайда) және ЖСН» графасы көзделген. Бұл талаптарда еңбек ресурстарының жеке куәлігін ұсыну міндеті қарастырылмаған, тек қызметкерлердің жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) көрсету жеткілікті деп белгіленген.

Еңбек ресурстар:

№	Мамандық (біліктілік) атауы	Қызметкерлердің Т.А.Ә., (ол бар болса) ЖСН	Біліктілігі туралы құжат (білімі туралы дипломның, сертификаттың, аттестаттың электрондық көшірмелерін қоса беру)	Қызметкердің электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы растау күні
1	специалист имеющий диплом «дизайнер»	ИБАТБЕКОВ ЕЛДОС АЛИМЖАНОВИЧ 860919301260	ЖБ 0812762 от 21-03-2008 Выписка ЕНПФ №:41797167 Послужной список Дизайнер.rar	11.10.2025 21:35:40
2	Специалист вычислительная техника и программное обеспечение (ВТиПО) (Приложить подтверждающие документы: диплом)	НУРМАГАМБЕТОВ АСЫЛХАН АЛМАСБЕКОВИЧ 791116302548	Диплом ЖБ № 0011495 от 21-06-2008 диплом Асылхан.pdf	11.10.2025 21:38:10
3	специалист имеющий сертификат «Безопасности и охраны труда»	ҚАПАНОВ ФАРХАТ РЫСҚАЛИҰЛЫ 950125350915	Сертификат 0434 от 18-09-2024 Протокол 4650-25 от 30-05-2025 Капанов Ф.rar	13.10.2025 18:40:11
4	специалист имеющий диплом «музейное дело»	САГИНДЫКОВА САНДУГАШ АМАНГЕЛДИЕВНА 770223400117	Диплом ЖБ 0085282 от 4-07-1999 Информация о поступлении и движении средств вкладчика ЕНПФ №41750597 Музейное 1 Санд.rar	11.10.2025 21:50:32
5	[illegible]	ДОРМЕН КУРАЛАЙ	[illegible]	[illegible]

Айта кету қажет, бұрын қолданыста болған (2024 жылға дейінгі) Мемлекеттік сатып алу қағидаларында жеке куәліктерді ұсыну талабы болған. Алайда, 2024 жылғы 9 қазандағы жаңа Қағидалар күшіне енгеннен кейін бұл талап алынып тасталды.



** 2024 жылғы 9 қазандағы жаңа Қағидалар күшіне енгеннен кейін күшін жойған қағида скрині*

Салыстыру үшін, Астана қаласында өткен 114501778-3 нөмірлі конкурсына қатысу барысында берілген 258199 нөмірлі (жеке куәлікті тіркеу қажеттілігінің жоқтығы туралы) шағым нәтижесінде комиссия қорытынды шешімін қайта қарастырған.

Осыған байланысты, «IDea Trade» ЖШС өтінімінің жеке куәліктерін қоспағаны үшін шеттетілуі заңсыз және қолданыстағы Мемлекеттік сатып алу қағидаларына қайшы деп санаймыз.

Осыны ескере отырып:

2025 жылғы 17 қазандағы №15498502-ОК1 қорытынды хаттамадағы комиссия шешімін қайта қарастыруды, «IDea Trade» ЖШС өтінімінің шеттетілуін заңсыз деп тануды, сонымен бірге, қорытынды хаттаманы қайта жариялап, IDea Trade ЖШС конкурсқа өткізуді талап етеміз.

Crocos (Крокос) ЖШС бойынша

2025 жылғы 17 қазандағы №15498502-ОК1 қорытынды хаттамаға сәйкес, аталған әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімі комиссиямен қабылданған, алайда бас тарту графасында комментарий қалдырылған. Түсініспеушіліктер орын алмас үшін, хаттамадағы комиссия шешімін дұрыс рәсімдеуді сұраймыз.

G7 Exlusive бойынша

2025 жылғы 17 қазандағы №15498502-ОК1 қорытынды хаттамаға сәйкес, аталған әлеуетті өнім беруші Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру ережесінің 78-тармағына сәйкес, ҚР Еңбек Кодексінің 35-бабының 1, 2, 3, 4, 5, 8 тармақшаларында көзделген құжаттың бірінің КАЗЫБАЕВА Б.Н., НАЗАРЫМБЕТОВА С.Ж. АХМЕТЖАНОВА Д.М., БОРАНБАЕВ М.Г. үшін болмауына байланысты өтінімі шеттетілген деп көрсетілген.

Алайда, әлеуетті өнім берушінің қоса тіркеген құжаттарын зерделеп қарау барысында оның заң талаптарына сәйкес зейнетақы үзінділерімен бірге, ҚР Еңбек Кодексінің 35-бабының талаптарына сай құжатты ұсынғаны анықталды.

Осыған байланысты 2025 жылғы 17 қазандағы №15498502-ОК1 қорытынды хаттамадағы комиссия шешімін қайта қарастыруды сұраймыз.

«IDea Trade» ЖШС директоры Қ.Ұзақ

(электронды қолтаңбамен құпталған)